



**Автор:** САНАЕВА АЙГЕРІМ САПАРАЛЫҚЫЗЫ

**Пән:** Математика

**Сынып:** 5-сынып


**Бөлім:** Ондық бөлшектер және оларға амалдар қолдану

**Тақырып:** Санның бөлігін және бөлігі бойынша санды табуға берілген есептер

Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу):	5.1.2.24 санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу; 5.5.1.4 санның немесе шаманың бөлігін табу және бөлігі бойынша санды немесе шаманы табуға арналған есептерді құрастыру және шығару;
Сабақтың мақсаты:	Оқушылардың барлығы: - санның бөлігін таба алады; - бөлігі бойынша санды таба алады; - санның бөлігі және бөлігі бойынша санды табу анықтамасын біледі.
Тілдік мақсаттар:	Бөлім бойынша лексика мен терминалогия: - Бөлік. - Шама. - Баға, саны, құн. - Ұзындық, ені, периметр, аудан. Диалогке қажетті тіркестер: - Санның бөлшекпен берілген бөлігін табу үшін ... керек. - Бөлшекпен берілген бөлігі бойынша санды табу үшін ... керек.
Күтілетін нәтиже:	Жаңа тақырыпты толығымен оқушының меңгеруі
Бағалау критерийлері:	Оқушылардың барлығы: - санның бөлігін табады; - бөлігі бойынша санды табады; - санның бөлігі және бөлігі бойынша санды табу анықтамасын біледі.
Құндылықтарды дарыту:	Қазақстандық патриотизм және өзгелердің көзқарасына құрметпен қарау, жауапкершілік, ынтымақтастық қарым-қатынас жасау қабілетін дамыт, өмір бойы оқуға дайын болу.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	
Пәнаралық байланыс:	Қазақ тілі пәні мен әдебиеті (анықтамаларды дұрыс, нақты айту, бір-біріне түсінікті жеткізе білу, Абай Құнанбаевқа 175 жыл, Бердібек Соқпақұевқа 95 жыл, Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл екенін білуі).
Бастапқы білім:	Бөлшек, бөлшектің алымы мен бөлімі, бөлік, бөлшектерге амалдар қолдану, натурал сандарды бөлшекке көбейту және бөлу.

### Сабақ барысы

Сабақ кезеңдері	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
-----------------	------------------------	-----------

<p>Сабақтың басы (10мин)</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі: 1) оқушылармен амандасу; 2) оқушыларды түгендеу; Топқа бірігу Оқушылар түрлі түсті қағаздар суырады, ол қағаздарда натурал сандар, бөлшектер және аралас сандар бар. Алған қағаздары бойынша топқа бірігеді. I топ: «Натурал сандар» II топ: «Жай бөлшектер» III топ: «Аралас сандар» Алғашқы білімдерін, үй жұмысын тексеру. Әр оқушы дәптерін көршіге беру арқылы интербелсенді тақтадан дұрыс жауапты қарап есепті тексереді. Топтық жұмыс Белсенді оқыту: «Сұрақ қою және талқылау» әдісі «Сұрақтар қобдишасы» Шарты: Әр топ 1 қобдиша таңдап ішіндегі сұрақтарға жауап береді. Сұрақтар: 1-ші қобдиша 1. Натурал сан мен аралас сандар қалай қосылады? 2. Натурал саннан бөлшекті қалай азайтамыз? 3. Натурал саннан аралас санды қалай азайтамыз? 2-ші қобдиша 1. Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай қосылады? 2. Бөлімдері әртүрлі бөлшектер қалай қосылады? 3. Бөлімдері бірдей бөлшектер қалай азайтылады? 3-ші қобдиша 1. Аралас сандар қалай қосылады? 2. Аралас саннан бөлшек қалай азайтылады? 3. Аралас сандарды қалай көбейтеміз? ҚБ «Бағдаршам» әдісі арқылы әр топ бір-бірін бағалайды.</p> <p>Image not found of type unknown.</p>  <p>«Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы топтар тақырыпты талдайды. 1. Санның бөлігін табу үшін ... 2. Санды берілген бөлігі бойынша табу үшін ... Жаңа тақырып: Мұғалім оқушыларға интербелсенді тақтадан санның бөлігін табу және бөлігі бойынша санды табу тақырыпшаларына бейнетүсіндірмені көрсетеді. Оқушылар дәптерлеріне керек мәліметтерді қысқаша жазып отырады. «Аяқталмаған сөйлем» әдісі арқылы топтар тақырыпты талдайды. 1. Санның бөлігін табу үшін ... 2. Санды берілген бөлігі бойынша табу үшін ...</p>	<p><a href="https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/boligi-bojynsha-sandy-tabu--11189?mid=fe765990-9d59-11e9-be78-49d30a05e051">https://bilimland.kz/kk/subject/matematika/5-synyp/boligi-bojynsha-sandy-tabu--11189?mid=fe765990-9d59-11e9-be78-49d30a05e051</a></p>
----------------------------------	---	--

Сабақтың ортасы  
(25мин)

Әр топқа жеке саралау тапсырмалары  
«Қарқын» әдісімен беріледі.

I топқа: Әкесі жуынатын бөлме мен дәліздің еденіне кафель төсеп, жөндеу жұмыстарын жүргізбекші болды. Үш күннің ішінде ол жуынатын бөлменің еденіне ғана кафель төсеп болды, бұл барлық жоспарланған ауданның  $\frac{5}{12}$  бөлігі. Егер жөндеуге жоспарланған барлық аудан  $300 \text{ м}^2$  болса, жуынатын бөлменің ауданы қанша болғаны?

Ереже:

Санның бөлігін табу үшін санды сол бөлікке көбейту керек.

Барлық аудан –  $300 \text{ м}^2$

Жөнделген –  $\frac{5}{12}$  бөлігі

Жөнделген аудан – ?

Шешуі:  $300 \cdot \frac{5}{12} = (300 \cdot 5) / 12 = 125$

Жауабы:  $125 \text{ м}^2$

Дескриптор:

топ оқушылары

– есептің шартын түсініп, өрнек құрастырады;

– санның бөлігін табады

– жауабын жазады.

II топқа: Балқаш көлінің ұзындығы 950 км, Зайсан көлінің ұзындығы оның  $\frac{1}{10}$  -ына тең. Зайсан көлінің ұзындығы қандай?

Балқаш – 950 км

Зайсан –  $\frac{1}{10}$  бөлігі

Шешуі:  $950 \cdot \frac{1}{10} = 95$

Жауабы: 95 км.

Дескриптор: топ оқушылары

– есептің шартын түсініп, өрнек құрастырады;

– Санның бөлігін табады

– жауабын жазады.

III топқа:

Шетен ағашы 125 жыл өмір сүреді және қайыңның өмір сүру мерзімінің  $\frac{5}{7}$  - сін құрайды. Қайың қанша жыл өмір сүреді.

Ереже: Санды оның берілген бөлігі бойынша табу үшін санның бөлігін оның бөлшегіне бөлу керек.

Шетен ағашы = 125 жыл

Қайың –  $\frac{5}{7}$ -сін құрайды

Қайың қанша жыл өмір сүреді = ?

Шешуі:  $125 : \frac{5}{7} = (125 \cdot 7) / 5 = 175$

Жауабы: 175 жыл

Дескриптор:

топ оқушылары

– есептің шартын түсініп, өрнек құрастырады;

– бөлігі бойынша санды табады;

– жауабын жазады.

Осы сандарға байланысты осы жылы қандай айтулы іс-шаралар өткізіледі?

Ұлы ғұлама ақын, ағартушы Абай Құнанбаевтың туғанына 175 жыл. Қазақ әдебиетінің негізін қалаушылардың бірі, ақын, жазушы Сәкен Сейфуллиннің туғанына 125 жыл. Қазақ балалар жазушысы Бердібек Соқпақпаевтың туғанына 95 жыл. Сергіту сәті Оқушыларға жұмбақ жасырылады, жұмбақтың жауабын үш тілде айтады.

Оқулықтан №676 тапсырма

Дескриптор: жұп оқушылары

– бөлшектің бөлігін табады

– жауабын жазады.

"Бас бармақ әдісі" арқылы бір-бірін бағалау

Оқулық Математика:

Жалпы білім беретін мект. 5-сыныбына арн. / Т.

Алдамұратова, Е.

Байшоланов. - Алматы:

Атамұра, 2017), жұмыс

дәптері

Сабақтың соңы (2мин)	Үй тапсырмасы №676(2,4,6) №677(1,3,5,7)	
Рефлексия (3мин)	Рефлексия "Білім ағашы" Оқушылар алдындағы қызыл, жасыл, сары түсті стикерлерді таңдап, білім ағашына жапсыру арқылы сабақ бойынша ойларын қорытады. Мұндағы жасыл түс - бүгінгі сабақтан түйгенім өте көп, маңызды болды. Сары түс - бүгін көп нәрсені түсіндім, түйгенім көп. Қызыл түс - бүгін сабақта түсінбегенім бар, әлі оқуым керек.	